

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

бастады. 20-жылдардың соңынан бастап, партия мен Кеңес өкіметінің идеологиялық, ұлтаралық, экономикалық саясаты өзіне тән ғылыми тұрғыдан зерттелген, істі оңаша бастайтын, іске жарайтын заңдармен емес, партия "көсемдерінің" нұсқауларымен жүргізіле бастады. Патшалық отарлау саясатының тонын айналдырып киген кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе қазақ қайраткерлерінің ұлт қамын ойлаған қай бір ниетін де өздеріне аса қауіпті санап, олардың арман-мақсаттарын тас-талқан етіп үзді. Ғасырдың басындағы зиялыларымыз көтерген ұлттық проблема бүгінгі күнге дейін күрмеуі де, шешуі де қиын мәселе болып отыр. Жаңаша пайымдап, жаңаша түсінуді қажет ететін ұғымның бірі — ұлтшылдық.

Біз түп деректік материалдарды зерттеу нәтижесінде Ф.Голощекиннің қазақ зиялыларына "сәдуақасовшылдық", "қожановшылдық", "рысқұловшылдық" тағы басқа "шылдықтар" атын тағуы, оның ұлттың билік басындағы бетке шығарларын қуғындау үшін ойлап тапқан амалы екеніне көз жеткіздік. Сондай-ақ осы тұстағы баспасөз бетіндегі көптеген авторлардың мақалаларындағы пайымдаулары нақтылы құжаттар емес, олардың ойдан шығарған жасанды тұжырымдары. Ф.Голощекин және оның төңірегіне топтасқан партия белсенділерінің "шылдықтарды" ойлап тауып, жікшілдік ауруын жасанды түрде қоздырудағы мақсаты: ұлт зиялыларының, жалпы ұлттың позициясын әлсірету әрекеті болатын.

Бұл үрдіс келе-келе әміршіл-әкімшіл жүйенің туындауымен үзіліп, тәуелсіздігімізді жариялауға, дербестікке ұмтылыс жасау тұрмақ, емеурін білдіруге де болмайтын, төрешіл де тегеурінді мемлекет ішінде "кіші іні" ретінде өмір сүруге алып келді. Алаш қайраткерлерін саяси қуғын-сүргінге ұшырату мәселесімен, әсіресе Сталин бастаған әміршіл-әкімшіл жүйе негізінде Алаш қайраткерлерінің тарихын зерттеу әліде болашақ еншісі.

Қолданылған әдебиет:

1. Алаш- Орда. Сб. документов\ Сост.: Н. Мартыненко.- Алма-Ата: Айқап,1992-192 с.
2. Брайнин С., Шафиро Ш. К вопросу о роли казахской национальной интеллигенции в 1917году\ Большевик Казахстана.1933№4(28)
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы- Алматы: Санат, 1995.-368б.
4. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты.- Алматы: Қазақ университеті,1992.- 272б.
5. Ш.Қ.О.Қ.З.Т.О. 133-қор,1-т.,1-іс.,45-п.

УДК 961/959 (5Каз)

АЛАШ ИДЕЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФЕНОМЕНІ – ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Иманғалиев Алмас Темірбекұлы

imangaliyev_historian@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Тарих факультетінің студенті. Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: З.О.Дүкенбаева

Қазақстан Республикасының дамуы ұлттық, жалпы дамзаттық және демократиялық құндылықтар мен ұстанымдар негізінде биік мұраттарға бағыт түзеп келеді.Тәуелсіздік жағдайында әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық реформалардың іске асырылуы еліміздің мәдени-рухани өміріне жаңа сипат, тың мазмұн беруде. Осындай реформалық өзгерістер отандық тарих ғылымының мазмұнымен, құрылымымен бірге, оның әлеуметтік қызметіне де, жаңартушылық ықпал жасады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Тарих дегеніміз өткеннің ғана сабағы емес, ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі. Қазақ тарихы фактілердің өлі қоймасы емес, бұл өзі орасан зор дәйектеуші және дәлелдеуші күш» [1. 38] деген тұжырымы

теориялық және әдіснамалық тұрғыда тарихи сананың жаңару үдерісіндегі кешенді міндеттерімізді айқындайды.

Жалпы әр халықтың өзінде жеке өздерінің ұлттық идеясы болады. Ол идея халықты ынтымақтастықта және біріктіріп отыратын негізгі күш болып табылады. Ұлттық идея – зиялы қауымның жұмысы, қызметі. Өйткені Алаш қайраткерлері бұл идеяны бастап, ары қарай дамытып, өз мақсаттарын жүзеге асырған болатын. Ұлт лидері Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» деп аталтын еңбегінде былай делінеді: XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды [2, 156]. Яғни Алаш қайраткерлері өз ұлттық идеяны алға тартып, қазақ халқын бір арнаға тоғыстырып, бір шаңырақтың астына алу болды.

«Алаш» этнонимі ұлтты ұйыстыратын идеологиялық атау болды және өзінің жемісін берді, сол кездегі қазақ жерін бір тудың астына біріктіре алды. Бұл идеяның да тамыры тереңде жатқандығын Ақселеу Сейдімбек қазақ хандығы құрылған кездегі «Алаш» этнонимі туралы «Ең алдымен, Қазақ хандығының аясындағы алаш ру-тайпалардың этногенеологиялық жадын жаңғыртып, түбі бір туысқандық сезімдерін оятатындай символ-этноним керек еді. Осы орайда, Қазақ хандығын құраған ру-тайпалардың біртұтас туысқандық сезімдеріне тұғыр болған символ-этноним ретінде ретінде «Алаш» атауының тандалғанына ден қоюға болады» - деді [3].

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларын бір тудың астына біріктірген, сол жолда өмірлерінің соңғы секундтарына дейін қызмет етуіне күш жігер сыйлаған бір идея болса, бұл сөз жоқ біздің ұлттық идеямыз - Алаш идеясы. Бұл идея біздің ұлттық идеямыз екендігін атап өтіп қана қоймай, оның тарихи тамырын, генезисін, ұлттық тарихымызбен, мәдениетімізбен сабақтастыра отырып дәлелдей алуымыз керек. Алаш идеясы тек қана идея күйінде қалған жоқ, ол Алаш партиясының, Алашорда үкіметінің негізін қалап, олардың негізгі бағыт-бағдарын анықтап, сыртқы-ішкі саясатын белгілеп, ұлттық идеология қызметін де атқарды. Егер қандай да бір идеология болса, оның басты идеологы және идеологиялық құралы болары ақиқат. Алашорда үкіметінің басты идеологы Әлихан Бөкейхан, ал идеологиялық құралы Қазақ газеті болды [3, 130]. Осы газет арқылы Қазақ қайраткерлері ұлттық идея жайлы мақалаларын жариялап, халықтың санасына сіңіруді мақсат тұтты.

Алаш идеясының контекстіндегі ұлттық идеяны қазақ халқының арасына таратуда басын қосқан Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерінің істері өте маңызды. Алаш қайраткерлерінің бірі Қошке Кемеңгерұлы 1924 жылы «Қазақ тарихынан» атты очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат болды. Бұл топты баулыған - Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып, татардан аулақ салған қазақ ұлты туды», - деп жазды [4, 9].

Қазіргі таңда көптеген ұлттардың, мемлекеттердің жеке идеялары бар. Өйткені осы идея арқылы мемлекет, ұлт өзінің дамуын, бағытын айқындай алады. Осыған орай Алаш зиялылары осы идеяны қазақ арасында таратуда, Қазақ мемлекетін екінші Жапония еліне айналдырам деген армандары жүзеге асыруда талмай қыруар істер атқарды. Енді Ұлттық идея түсінігіне тоқталатын болсақ, Ұлттық энциклопедия түсіндірме сөздігінде: Ұлттық идея – халықты топтастыратын біріктіретін өз елі үшін мақтанышқа бөлейтін асқақ рух болып табылады. Сондықтан Отан үшін ұлты халқы үшін адамдар ғажап ерлік көрсетіп идея үшін өзін-өзі құрбан етуге дейін барды [5, 231]. Осы идея Алаш идеясының негізгі төркіні болды. Ханкелді Әбжанов өзінің еңбектерінде ұлттық идеяға қатысты бірқатар ой келтіріп кетті: «идея» грек сөзі, «образ», «ұғым» түсінік мағыналарында қолданылды [6]. Атқаратын міндетіне қарай идея алуан-алуан қырмен көзге түседі. Ұлттық идея – ұлттың тілегі, ниеті, ойы дегенге саясады. Қазақтың ұлттық идеясын жасауда қазақ интеллигенциялары талмай еңбек етті.

Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және көптеген басқа да қазақ ұлтының зиялылары қазақстандық саяси идеяның негізін қалады. Олар халықтың өзіндік санасын биікке көтеріп, ұлттық еркіндік идеясын жасады, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау бағытында жүйелі жұмыс жүргізді. Тоталитарлық тәртіптің саяси қуғын-сүргіні қандай да болсын ұлтшылдыққа, ұлттық идеяға, ұлттық өзін-өзі тануға қарсы бағытталды [7, 65]. Ұлт мүддесін ту етіп көтерген Алаш зиялылары қазақ қоғамын отарлық езгіден алып шығатын, дамып кеткен елдер қатарына қосатын жолдарды іздегенде пікіралуандығын жоққа шығармады. Мәселен, бірінші буржуазиялық-демократиялық революция тұсында-ақ панисламдық, батысшылдық саяси ағымдар бейбіт қатар өмір сүрді. Кезінде Б. Қаратаевтың отарлық әкімшіліктен жер үлесін алып, қала салуға талпынысын Ә. Бөкейханов бастаған топ қатал сынады. Түрлі пікірталастар «Айқап» пен «Қазақ» арасында «Тіршілік» пен «Бірлік» беттерінде жүріп жатты. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсыновтың 1912 жылы «Айқап» бетінде жарияланған сөзімен айтсақ, «Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабырменен отырып, ойласып іс істелік... Жүк қасындағы «аққу, шортан, шаян үшеуіне ұқсамалық!» ұстанымын қуаттады.

Қазақ зиялыларының ішінде Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ» ұлттық идеясы еңбектенген баладан еңкейген қартқа дейін, отарланған өлке үшін түсінікті де пәрменді формула болып шықты. Бұл шығарма арқылы қазақтың санасын көтеруді, ұлттық идеяны түсіндіруде маңызды рөл атқарды. Алаш қозғалысының қайраткерлері «Оян қазақ» шығармасымен түйінделген ұлттық идеяның мазмұны мен пішінін, көздеген нәтижелерін нақты іс-қимыл бағыттары мен идеологиясын қасаң қағидаға айналдырмаған. Қайта шығармашылықпен жетілдірген, толықтырған. Осыған орай А. Байтұрсыновтың «Маса», «Қырық мысал» кітаптары Әлихан Бөкейхан шығармалары зор беделге ие болды. «Айқап», «Қазақ» сынды газет-журналдар, қазақ кітаптары бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға, ұлттық тұтастықты сақтауға баға жетпес үлес қосты. Оқу, білім, жер, ұлт, дін, әйел теңдігі, билік, әділдік мәселелері алғашқыда қазақты ояту мақсатында көтерілсе, империядағы дағдарыстың асқынуымен дербес мемлекет құру мүмкіндігімен шендестірілді [8, 84].

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан бұдан былай қазақ өз алдына ел болуы үшін және өзін мойындатуы үшін бәсекеге қабілетті халық ретінде саяси күреске шығуы қажеттігін ашық айтты. Ол үшін жаман бұрынғы әдеттерден арылып, рулық деңгейден ұлттық деңгейге көтеріліп, тұтас халық ретінде бірлік қажеттігін алға тартты. Бұл тұрғыда былайша сабақтады: «Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып, Қазақ мәдениеті құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы» [9, 95].

Ғасыр басындағы Алаш зиялылары ұлы істерге жұмылдырған қоғамдық-саяси шығармашылық ізденістерге негіз қалаған ұлттық идеяның бастау бұлағы біріншіден, туған халқының жан төзгісіз ауыр халы, екіншіден, қайшылыққа белшесінен батқан Ресейде либерализмнің күшеюі, үшіншіден, әлемде ұлт-азаттық қозғалысының жандануы болса, мәні мен міндеттері 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясында жүйеленді [10, 91].

Қорытындылай келе, Ұлттық идея - Алаш идеясымен сабақтасып жатыр. Өйткені қазақ зиялылары қазақ халқына тән идея орнатуда, даму болашағын айқындауда, әлемдегі іргелі мемлекеттер қатарына қосуды арман етіп кетті. Алаш зиялылары мәңгілік қазақ мемлекетін армандады, бүгін болмаса ертең қазақ елі тәуелсіздік алатынына сенді. Осы Алаш зиялыларының идеясы қазіргі таңда жүзеге асып, дамушы 50 елдердің қатарына кіріп, көптеген дамыған елдермен терезесі тең елге айналып отырмыз.

Қолданылған әдебиет:

1. Дүкенбаева З.О., Талғатбек М.Ә. XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Алматы: Экономика, 2014. - 37 б.

2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Аламты: Атамұра, 2003. - 156 б.
3. Абдулқарім Абдул Рахманұлы. Ұлттық идеология. ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы. Алматы: Экономика, 2015. - 130 б.
4. Әлихан Бөкейхан. Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. / Құраст. Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Аламты: «Ер Жәнібек» халықаралық қоғамдық қоры, 2016 ж. - 9 б.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т. 4. / бас редакторы Ә. Нысанбаев; бас редакция мүшелері: А. Абдулин, Н. Айтқожин, П.А. Атрушкевичжәнет.б.- Алматы: Қазақэнциклопедиясы, 2002.-231 б.
6. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт/ ХанкелдіӘбжанов; ҚРМәдениетжәнеақпаратминистрлігі, Тілкомитеті.- Астана: Ана тіл-Ататарих, 2007.- 270, б.
7. Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы: азаматтық қоғам дамуының аясында // Ш.В. Тілепинаның редакциялығымен –Астана: «Ақарман-медиа» 2010. 65 б.
8. Әбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. - Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. 85 б.
9. Болатбек Төлепберген. Ұлттық идея - тәуелсіздік тұғыры. Әлеуметтік- философиялық талдау. Алматы: «Алматы баспа үйі», 2011. 95 б.
10. Алаш және Әуезов: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырғандар: Е. Тілешов, Ж. Тұрлыбекова, О. Сүлейменов; Астана қаласының әкімдігі.- Алматы: Жазушы, 2007.- 91

УДК 961/959 (5Каз)

АЛАШТЫҢ АРДАҚТАҒАН АҚ АЛМАСЫ

Избасар Нұргүл Нұрланқызы

abdraxmanova_s@mail.ru

Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті,

Көкшетау, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері: С.А. Абдрахманова, К.Г. Жапарова

Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейханов - адамзат баласының тарихында сирек кездесетін тұлға. Әлихан - төрткүл дүниені дүр сілкіндіріп өткен Шыңғыс ханның 23-ші ұрпағы Төре тұқымынан бола тұра, Қасым хан, Абылай хан, Бөкей хан, Кенесары сынды халық ақ киізге көтеріп, хан тағына отырған емес - оның заманы өтіп кетті. Қазақ халқының тарихында Шыңғыс ханның кейінгі ұрпақтары қарама-қайшы екі ұшты рөл атқарды: бір жағынан, алғашқы кезеңде олар көшпелі ру-тайпалардың бірігіп, жаңа және қуатты қазақ мемлекетінің құрылуына ұйытқы болса, екінші жағынан, олардың билік үшін ішкі күрес-тартысы салдарынан «қазақ» этнонимді құрағанымен де, бірегей халық, ұлт болып толық пісіп-жетілмеген халықтың Орта, Ұлы, Кіші жүздер ретінде «үштік одаққа» бөлініп бытырауына түрткі болып, ақыр соңында бірінің соңынан бірін орыс империясының отарлығына душар етті. Міне, соңғы жайтты терең зерттеп білген Әлихан: «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!»-деп ертеден-ақ халқы алдында серт беріп, сол сертіне ақырғы демі біткенше адал болып өтті. Бірақ өзінің шыққан тегін мақтан тұтты, шыққан тегінің абырой-намысын көзінің қарашығындай қорғады және атақты хан-сұлтандардың тікелей ұрпағы екенін сезініп, халқына кіршіксіз де шексіз қызмет етуді, Алашына қамқор болуды өзінің өтпес-өтелмес борышы, ер-азаматтық парызы санады [1].

Әлихан Бөкейханов- көшпелі өркениеттің ұлттық салт-дәстүр мен мәдениеттің негізін сақтай отырып, алдына батыс өркениетінің үлгісі бойынша қазақ қоғамын түбегейлі қайта құрып дамыту, жетілдіру арқылы отарлық бұғауынан азат ету мақсатын қойған реформашыл тобын баулып өсірді. Ол әрі қазіргі зерттеушілердің көпшілігінің пікрінше бүкіл халық мойындаған рухани – саяси жетекшісі болды. Ә. Бөкейхановтың пікрінше арнайы ғылыми